

## ҚЫТАЙ- ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ

\* Джельдыбаева Р.Б.<sup>1</sup>, Турсынали Ж.<sup>2</sup>, Досымбекова Р.О.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup> ф.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru),

<sup>2</sup> ф.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: [jazen\\_25@hotmail.com](mailto:jazen_25@hotmail.com),

<sup>3</sup> PhD, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: [rauan-d@mail.ru](mailto:rauan-d@mail.ru)

**Аңдатпа.** Лингвистиканың ең үлкен тармағының бірі – ономастика, біздің қарастырып отырған тақырыбымыз – соның ішіндегі антропонимдер. Антропонимдер – әр халықтың мәдениетімен, дүниетанымымен, жасаған ортасымен, наным-сенімімен қалыптасқан ұлттық этномәдени ерекшелігінің көрінісі. Антропонимдерді әр ұлттың тарихы мен мәдениеті, дүниетанымымен байланыстыра қарастыру олардың жасалу табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының мақсаты этномәдени деректерге сүйене отырып, қытай және қазақ тілдеріндегі кісі есімдеріне лингвомәдени және лингвокогнитивтік талдау жасап, қытай және қазақ халықтарының есім беру дәстүрін, олардың дүниетанымымен, мәдениетімен, тарихымен байланысын анықтау болып табылады. Сонымен қатар, кісі есімдерінің гендерлік сипатын ашу арқылы екі халықтың ұлттық сана құрылымындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастыра зерттеу.

Жалқы есімдер – кез келген тілдің лексикасында өзіндік орны бар тілдік бірліктер. Оларсыз адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасай алмайды. Сондықтан да қытай және қазақ тілдеріндегі жалқы есімдерге қатысты деректерге шолу жасалып, зерттеу материалдарына салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасалды.

Антропонимдердің құрылымы мен құрамы, мағынасы, олардың айырмашылықтары мен қалыптасуы сол халықтың қоғамдық, танымдық ерекшеліктерін тануға жол ашатыны сөзсіз. Мақалада қытай және қазақ тілдеріндегі антропонимдердің ұлттық мәдени ерекшеліктерін салыстыра-салғастыра зерттеу әдісі арқылы ашуға талпыныс жасалды.

Зерттеу нәтижесінде қытай есімдерін жазуда қолданылатын иероглифтердің құрылымы мен құрамы, мән-мағынасы қытай халқының дүниетанымы, салт-дәстүрі мен мәдениетінің бір көрінісі екендігі, қытай антропонимдерінің гендерлік сипаты есімдерді жазатын иероглифтер арқылы берілетіндігі де анықталды. Жұмыста қытай есімдерін жазуда қолданылатын кейбір иероглифтердің мән-мағынасы ашылып көрсетілді және оларға лингвомәдени талдау жасалды. Қазақ антропонимдерінің гендерлік сипаты, ұлттық лингвомәдени ерекшелігі мен дүниетанымы есімдерді құрайтын сөздер мен морфемалардың лексикалық мән-мағынасына байланысты айқындалатындығы ескеріліп, қазақ есімдеріне лексикалық, этнолингвистикалық талдау жасалды. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы да осында.

Зерттеу қорытындысы бойынша қытай тіліндегі ерлер мен әйелдер есімінің мән-мағынасы мен гендерлік ерекшеліктері оларды жазуда қолданылатын иероглифтер және олардың құрамымен (иероглифтердің құрамдас бөліктері) қатысты екендігі анықталды, ал қазақ есімдерін құрайтын сөздер мен морфемалардың лексикалық мән-мағынасының гендерлік сипаты айқындалды.

Зерттеу нәтижелері қытай және қазақ тілдерін ономастикалық бағытта салғастыра зерттеп жүрген докторанттар мен магистранттарға бағыт-бағдар береді.

**Тірек сөздер:** қытай тілі, қазақ тілі, антропоним, гендер, иероглиф, морфограмма, мәдениет, лексика, лингвомәдени

### **Негізгі ережелер**

Әр халық дүние есігін жаңадан ашқан нәрестеге есім беріп, қоғаммен қарым-қатынасқа түсуіне алғашқы қадам жасайды. Бұл дәстүр – алуан түрлі болғанымен адамзатқа тән ортақ құбылыс. Қай халықтың болмасын сәбиге есім беру ата-ананың аса ұқыпты әрі жауапкершілікпен қарайтын маңызды іс екенін байқауға болады. Антропоним әр қоғамның, әр халықтың мәдениетінен, дүниетанымынан, салт-дәстүрінен, тарихынан, тіпті наным-сенімінен қала берді идеологиясынан дерек беретіні белгілі.

Антропонимика – кісі есімдері, әкесінің аты, лақап аттар мен бүркеншік аттарды қарастыратын ономастиканың бір саласы. Жалқы есімдер – кез келген тілдің лексикасында өзіндік орны бар тілдік бірліктер. Оларсыз адамзат қоғамының қарым-қатынас қызметі іске аса алмайды. Жалқы есім – лексиканың ең жылжымалы, өзгермелі қабатын, атау беруші халықтың танымдық көзқарасына сәйкес әлем моделімен анықталатын ономастикалық кеңістікті құрайды. Жалқы есімдер ерекшелігі мен құрамына әр деңгейдегі лингвистикадан тыс жатқан факторлар (географиялық, идеологиялық, тарихи, әлемге көзқарастық, әлеуметтік мәдени, тілдік қатынас) әсер етеді [1, б б.].

Антропонимдер адам есімдерін қоюға байланысты болғандықтан, сол халықтың мәдениет тарихымен, салт-дәстүрмен және т.б. әр түрлі құбылыстармен байланысты аттар категориясының өте қиын спектрін береді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тығыз байланыс бар.

Әр халықтың антропонимінде гендерлік сипат болады. Антропонимдердің гендерлік сипаты арқылы сол халықтың мәдениеті, дүниетанымы, жасаған ортасы, наным-сеніміне байланысты ерекшеліктерін байқауға болады.

### **Кіріспе**

Адамзат баласы күнделікті өмірде әр түрлі қарым-қатынасқа түскен кезде бір-бірін түсіну үшін адам есімдері қажеттілік тудырады.

Халықтың әдет-ғұрып, тарихы, дәстүрлері, мәдениеті мен кісі аттарының арасында байланыс бар екені жалпыға мәлім.

Әдет-ғұрып ұзақ тарихи мерзімде біртіндеп қалыптасып, халықтың санасына сіңіп, қай ұлттың болсын ұлттық болмысын құрайды және оны басқа этностардан ерекшелендіреді. Есімдер тұлғаның жеке қасиеттерін танытып қоймай, тұтас бір халықтың психологиясы мен мәдениетінің көрінісінен дерек беретін антропонимдік модельдер. Қазақ есімдерін арнайы зерттеген ғалым Т.Жанұзақов кісі есімдерінің қоғамдық тұрмыс, әлеуметтік құрылымымен қатар материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын көрсете алатын әлеуеті

және кісі аттары мен халықтың тарихи дәстүрлерінің арасын байланыстыратын «тозбас желі» барын атап өткен [2, 23 б.].

Туыс емес қытай және қазақ тілдеріндегі антропонимдердің гендерлік ерекшеліктерін салғастыра қарастырудың маңыздылығы зор. Яғни антропонимдердің құрылымы мен құрамы, мағынасы, олардың айырмашылықтары және қалыптасуының қоғамдық, танымдық ерекшеліктерін ашуға жол ашады. Қытай және қазақ антропонимдеріне лингвомәдени және лингвокогнитивтік талдау жасау, антропонимдердің гендерлік сипатын ашып көрсету арқылы қытай және қазақ халықтарының есім беру дәстүрінің олардың дүниетанымымен, мәдениетімен, тарихымен байланысын байқауға болады. Антропонимдердің гендерлік сипатын көрсету арқылы екі халықтың ұлттық сана құрылымындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастыра зерттеу де өте маңызды.

Қытай есімдерін жазуда қолданылатын иероглифтердің мән-мағынасы қытай халқының дүниетанымы, салт-дәстүрі мен мәдениетінің көрінісі болып табылады.

Қытай халқының да, қазақ халқының да өзіндік антропонимдік дәстүрі бары анық. Қытайлардың иероглификалық жазуына байланысты нәрестеге ат таңдағанда тек қана оның айтылуы мен естілуіне ғана емес, есімді жазатын иероглифтерге де баса мән беріледі. Иероглифтердің жазылуының қарапайымдылығы, күрделілігі, әдемілігі ғана ескеріліп қоймай, иероглифтерді құрайтын элементтердің мағынасына да ерекше мән беріледі (қолайлы/қолайсыз, ер/әйел, белгілі бір құбылысқа байланысты, т.б.)

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу материалдары қытай және қазақ тілдеріндегі антропонимдерге қатысты ғылыми еңбектер мен сөздіктерден алынды. Жұмыста антропонимдері жан-жақты зерттеген Т. Жанұзақов, Г.Б. Мадиева, Қ.Қ. Рысбергін, Б. Әбдуәліұлы, В.И. Супрун, Уан Зешу (汪泽树), Уанян Шаюан (完颜绍元), Жау Руймин (赵瑞民), Уан Жүнюн (王军云) сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Қытай есімдерін жазуда Т.Қалибекұлының «Қытайша-қазақша ономастикалық атаулар сөздігі» қолданылды [3].

Т. Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» атты зерттеу еңбегінде қазақ тіліндегі антропонимдердің лексикалық және семантикалық жүйесін жасап көрсетті [4]. Г.Б. Мадиева «Имя собственное в контексте познания» атты монографиясында қазақ есімдеріне аналитикалық шолу жасаған [5].

В.И. Супрунның зерттеу еңбегінде коммуникация саласында тілдік бірліктердің алатын орындарының ерекше екендігі, соның ішіндегі антропонимдерді ерекше атап көрсеткен [6].

Зерттеу барысында сипаттамалы, салыстырмалы-салғастырмалы және ономастикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Қазіргі гендерлік лингвистиканың зерттеу негіздері ерлер мен әйелдер есімінің лингвомәдени айырмашылықтарын жан-жақты қарастыру маңызды. Гендерлік категориялау біріншіден, «еркектік», «әйелдік» делінетін гендердік

тірек категорияларының өзі физикалық табиғатынан туындаған метафоралары ретінде танылуы [7, 90 б.]. Ерлер мен әйелдерге тән қасиеттері негізінде, яғни «ер» адам *күшті, мықты, қайратты, батыл, ер жүрек болса* болса, «әйел» адам *сыпайы, нәзік, көркем, сұлу, шебер болып келеді*. Осы қасиеттер негізінде адам есімдері пайда болған.

### Нәтижелер және талқылау

Антропонимдердің типтері мен категориялары ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты және олардың өзара әрекеті сан түрлі болып келгенімен, олар міндетті түрде хронологиялық аспектіні сақтайды.

Қытай бейнелі жазуы, яғни мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын иероглифтердің қытай антропонимінде алатын орны ерекше.

Қытайда ата-ана баласының есімін қоюда қандай иероглифті қолдануда ерекше жауапкершілікпен қарайды. Есімді жазатын иероглифті таңдағанда оның қандай мағына беретініне де аса мән беріледі. Бұл олардың бала есіміне берілетін иероглифтің мән-мағынасының сол баланың тағдырымен байланыстыратын наным-сеніміне байланысты болса керек. Дүние есігін жаңадан ашқан сәбидің өміріне, болашағына деген ата-ананың үміті, арман-тілегі осы таңдаған иероглифтердің мағынасынан көрініс табады. Қытайларда ат қоюға таңдалатын иероглифтер белгілі бір топқа топтастырылмаған. Қытайларда ерлер мен әйелдердің есімдері орфография мен грамматикаға байланысты бөлінбейді, алайда оларды мағынасына қарай ажыратады. Аттардың көбісі балаға тілек ретінде қойылады. Салт бойынша қыздарға *сұлулыққа, адамгершілікке, ісмерлікке* байланысты аттар қойылады. Сонымен қатар қыздарға *асыл тастарға, әсем гүлдерге, көркем мінезге және сұлу сымбатқа* байланысты ат қою өте кең таралған. Осыған байланысты қытайларда әйел затын эстетикалық ләззәтпен тығыз байланыстырылады. Ұл балаларға *күш, ақыл мен жігерлілікке* байланысты ат қойылатын болған.

Қытай халқының ер мен әйел есімдерінің классификациясын жасаған ғалым Уан Зешу кісі есімдерінің гендерлік ерекшелікті қарастыра келе, ер мен әйел есімдерінің тұлға және мән-мағынасы жағынан ерекшеленетінін атап өтті. Уан Зешу қытай ер адамдарының есімі мағыналық жағынан *келісті де айбатты, дархан мінезді терең ойлы, өзіне сенімді, батыл да ержүректі болу* сынды қасиеттерін айшықтай түсетіндігін, ал әйелдердің есімі болса жазылуындағы тұлғалық ерекшелігімен қоса білдіретін мән-мағынасы жағынан да қытай әйелдерінің *он саусағынан өнер тамған шебер де талғампаздығын, сыпайы да көрікті* қасиеттерін сипаттай алады деп тұжырымдайды [8, 65 б.].

Қытай тілінде ерлер мен әйелдердің атында бірдей кездесетін, яғни айқын гендерлік айырмашылықты көрсетпейтін иероглифтер көп емес (*ескере кететін жайт*: иероглиф дыбыс пен мағынадан тұрады, бір иероглиф мағына білдіретін сөз құрай алады, иероглифті жасайтын кілттер иероглифтің мағынасын білдіреді). Мәселен, 文wen (*сымбатты, сабырлы, ізгі*), 瑞guì (*берекелі*), 宝bao (*асыл*), 玉yu (*нефрит, қастасы*), 悦yue (*қуаныш*), 锦jin

(торғын-торқа; түрлі-түсті жібек мата). 文 адамның көркем мінезді, сабырлы, ізгі ниетті, мәдениетті екендігіне қарата айтылады. Көне заманда 瑞ruì жақын адамына сыйлайтын нефриттен жасалған бойтұмарды білдірген. Кейінгі кезде *жақсылықтың, сәттіліктің* нышаны ретінде қолданылылып жүр. 锦 сөзінің астарлы мағынасы – адам өмірінің қызыққа толы, мәнді де сәнді болуы.

Қалыптасқан дәстүр бойынша әйел адамдарға қолданылып келген бір қатар иероглифтер кейінгі кездері ерлердің есімдеріне де қойылатын болған: 善shan *мейірімділікті, ақкөңілділікті, жақсы ниетті* білдіреді, 涵han (涵养) *инабатты, ұяң, тәрбиелі* мағынасын білдірсе, 钰yu *асыл қазына* мағынасын білдіреді. Көне қытай тілінде *адамның басы, елден ерекше, мәртебесі биік, сыйлы* сынды мағыналарды білдіретін 天иероглифі, *ағаш* мағынасын білдіретін 木кілтімен жазылған 柏bai (*кипарис*) көне қытай әдебиеттерінде *дара, асқақ мінездің* нышаны ретінде қолданылған. Құрамында жүрек мағынасын білдіретін 心 кілті бар 志zhi иероглифі *арман, мұрат* мағынасында қолданылды. Суды білдіретін 氵кілтімен жазылған 浩hao (*кең*), 江jiang (*өзен*), 涛tao (*толқын*) иероглифтері *көңіл көкжиегі ашық, көкірегі ояу, асыл рухты* білдіреді. Жоғарыдағы көрсетілген иероглифтер бұрынғы кезде көбінесе ер адамдарға қолданылса, қазір әйел адамдардың атынан да кездестіруге болады.

Қытай антропонимінде ерлер мен әйелдерге есім беруде гендерлік сипат айқын көрініс тапқан. Ерлер есімінде 宇yu және 龙long (*айдаһар*) иероглифтерінің қолданылу жиілігі жоғары. Қытай халқының наным-сенімінде айдаһар ерекше орын алады. Өздерін айдаһардың ұрпағымыз деп санайтын қытай халқы айдаһарды *билік пен күштің* нышаны ретінде қарап, ер адамға есім беруде көп қолданады. 俊jun (*сымбатты, көрікті ер адамдарға қарата айтылады*), 辉hui (*жарқын*), 伟wei (*ұлы*), 阳yang (*күн*), 豪hao (*ерекше қабілетті адам; дархан мінезді адам; қоғамдық орны жоғары адам*), 斌bin (*салауатты, сыпайы ер адамдарды сипаттауға қолданылады*), 博bo (*кең, ауқымды*) сияқты иероглифтер әйелдер есімінде кездеспейді. Міне, бұдан иероглифтердің білдіретін мән-мағынасына байланысты екенін аңғарамыз. Ерлер есімінде 水(su), 心(xin)(*жүрек*), 女(nv)(*әйел*) иероглифтері қолданылмайды, 女 кілтімен жазылатын иероглифтер мүлде кездеспейді. 雨 кілтімен жазылатын иероглифтер өте сирек кездеседі. 女 иероглифінің *әйел* мағынасын білдіретіндігін тізесін бүгіп, екі қолын қусырып отырған әйел бейнесіннен де байқауға болады. Сондықтан да 女иероглифі мен 女 кілті гендерлік сипаты анық, олар әйел есімінде ғана кездеседі. Деректерге сүйенсек, әйел есіміне

қолданылатын 女 кілтімен жазылатын иероглифтердің саны – 25, бұлардың ішінде 婷 ting (*сымбатты, сұлу*) иероглифінің қолданылуы жиілігі ең жоғары. 娟juan (*талшыбықтай бұралған*) әйел адамдардың қимыл-әрекетінің әдемілігін суреттеуде қолданылады, 娜 nuo (*сымбатты*), 娇jiao (*қылықты, көркем*), 媛ai (*сүйкімді, сұлу*), 珊 shan (*кербез*) сияқты иероглифтер де жиі қолданылады [9].

Өсімдіктермен қатысты иероглифтердің қытай антропонимінде өзіндік алар орны ерекше. Өсімдіктердің түр-сипаты мен қасиетіне байланысты есім беруде гендерлік ерекшелікке ие. 木 иероглифі мен 木 кілті түрлі ағаш тектес өсімдіктер, олардың тамыры, діңгегі, бұтағы да қатты, бұл сипаттары ерлердің мінез-құлқына байланысты болғандықтан, ерлер есімінде көптеп кездеседі. Бұл ата-ананың ұлдарының *қайсар, ер мінезді* болса деген үміті мен тілегін білдіреді. 木 иероглифі мен 木 кілті әйелдер есімінде кездеспейді: 森 sen (*орман*), 松 song (*қарағай*), 柏 bai (*кипарис*), 杨 yang (*терек*). Алайда ағаш тектестердің ішінде бұтақтары иіліп, төмен салбырап тұратын, табиғатындағы нәзіктігі әйел мінезіне жақын 柳 liu (*бұйра тал*) ағашы, көркімен көз тартар сұлулығы әйел бейнесіне теліне алатын 梅 mei (*алхоры*) ағашы қытай әйел есімдерінде кездеседі: 梅丽 Mei Li (*Мый Ли*). Ал шөптектес өсімдіктер тамыры, сабағы жұмсақ, икемді болу қасиеті, түрлі гүлдердің көздің жауын алатын әдемі әрі жұпар иісті болуы сынды өзіндік қасиеттерімен ерекшеленетіндіктен, әйелдердің мінез-құлқына баланады, қыздарының *нәзік, биязы, сыпайы, әдемі* болғанын қалайтын ата-ана қыздарына есім беруде 草 иероглифі мен 艹 кілтінен құралған иероглифтерді таңдайды: 菊花 juhua *хризантема*, 兰花 lanhua *орхидея*, 茉莉花 molihua *жасмин*, 玫瑰 meigui *раушан гүлі*, 雪莲 xuelian *лотос* [10].

Қазақ антропонимінде де өсімдіктердің атымен аталатын есімдер көптеп кездеседі. Қазақ қыздарының есімінен гүл морфемасын көптеп кездестіруге болады: *Айгүл, Нұргүл, Әтіргүл, Раушан, Гүлзира, Гүлмира. Гүлзада*, т.б. Дегенмен қазақ қыздарына *Шынар* деп қойылған атты жиі кездестіреміз. Бұл қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен дүние танымымен тікелей байланысты деуге болады. Ежелден қазақ қыздарын еркін өсірген, жастайынан ат жалын тартып мініп, ел басына күн туғанда жауға да шапқан талай батыр қыздар болған. Ата-анасы қыздарының шынар ағашының табиғатына ұқсас қайтпас қайсар, батыл мінезді болуын қалайтыны белгілі.

雨 кілтінен құралған иероглифтердің ішінде тек 霖 lin (мағынасы: *толассыз бірнеше күн дейін жауатын жаңбыр*, қазақша *ақ жауын* деп аталады) иероглифін ғана ерлер есімінен кездестіруге болады. Бұдан басқа, 露

lu (*шық*), 霜shuang (*қырау*), 霏fei (*қалықтау* деген мағынада. *Қардың жапалақтап жауғаны мен жаңбырдың себезгілеп жауғанын бейнейді*), 霞xia (*шапақ*), 雲(云)yun (*бұлт*), 霽ai (*тағдыр, бақ*) сияқты иероглиф құрайтын кілттерді қытай әйелдерінің есімдерінен ғана кездестіреміз, ерлер есімінде ұшыраспайды. Қытай халқының өмір сүрген ортасына, яғни жаңбырлы маусымның ұзақ болуына байланысты қалыптасқан дүниетанымың кісі есімінен көрініс тапқанын да аңғара аламыз. Әсіресе әйел есімдеріне қардың жапалақтап жауған, жаңбырдың себезгілеп жауған бейнесін білдіретін иероглифті қолдануы ежелгі қытай халқында әйел затының қимыл-қозғалысының сыпайы, баяу қалықтағандай көзге жағымды әсер қалыптастыратын әдемі болуын қалайтынын және жоғары бағалайтынын байқауға болады. Қазақ ерлер есімдерінен *Жаңбыршы* деген есімдер сирек кездескенімен, қазақ әйелдерінің есімдерінен бұл тектес *жаңбыр, шық, бұлт, қырау* мән-мағынасын білдіретін есімдер жоқтың қасы.

金jin (*алтын*) иероглифі және 金(钅) кілті *күшті, салмақты* деген мағыналарды білдіретіндіктен, тек ер кісілердің есімінде қолданылады: 锃kun (*көне қытай тілінде қылыш, қанжар, пышақ жасауға қолданатын берік металды меңзейді*), 锋feng (*алдыңғы, авангард*), 锐rui (*өткір*). 冫 кілтімен жасалған иероглифтердің ішінде 清qing (*тұнық*), 冰bing (*мұз*), 洁jie (*таза, پاک*), 淑shu (*сұлу, әдемі*) әйел затының ішкі жан дүниесінің сұлулығын сипаттайтын болғандықтан, әйел есімдерінде жиі кездеседі. Ерлер есімінде кезікпейді. Міне, бұдан қытай халқының дүниетанымында суды сұлулықтың, пәктіктің нышаны ретінде қарайтынын аңғаруға болады. Қазақ антропонимдерінде адам жандүниесінің тазалығын, пәктігін білдіретін «*ақ*» және «*мөлдір*» морфемасымен берілетін аттарды ерлердің де, әйелдердің де есімдерінен көптеп кездестіруге болады: *Ақжол, Ақтолқын, Ақсұңқар, Ақтоты, Ақбота, Мөлдір, Каусар*, т.б.

Қытай әйел есімдерінің ішінде әйелдердің *епті, пысық, зерек* болуын білдіретін 妍yan иероглифін, *талант иесі болсын* деген ниетпен қойылған 婧jing иероглифін, қыз баланың *биязы, сыпайы болуын* тілейтін 婉wan иероглифін, *мінезі салмақты* болар деген мағынаны білдіретін 安an иероглифтерін таңдайтындарын байқауға болады.

Қазақ антропонимдері де қазақ халқының тұрмыс тіршілігі, дүниетанымы, мәдениетінен ақпарат береді. Қазақ тұрмысы мал шаруашылығымен біте қайнасып жатқандығынан болар, ұл баланың қазақ отбасында маңызы ерекше, ұрпақ жалғастығы ұл баланың дүниеге келуімен лингвокултуремалардың прототипі ұл күту, бала тілеу тәрізді тілек мәнді семантиканы білдіретін антропонимдер қазақ қыздарының есімінде көптеп кездеседі: *Ұлболсын, Жаңылсын, Ұлжан, Ұлтуған* т.б. Ал қытай қоғамында және отбасында да ұрпақ жалғастығына деген танымына байланысты ұл

баланың орны жоғары, соған орай ұл баланың дүниеге келуін әр отбасы үлкен үмітпен күтеді. Сол себепті қытай әйелдерінің есімдерінен де ұл баланы күту сынды тілек мәнді есімдерді кездестіреміз. 招娣 zhaodi (娣 ежелгі қытай тілінде *қарындас* деген мағынаны білдірсе, 招 шақыру мағынасын білдіреді). Қытай қоғамы дамудың жаңа дәуіріне қадам басқан заманда, яғни ерлер мен әйелдер теңдігі насихатталатын қазірге кезде мұндай есімдер сирек кездеседі.

Ай сөзі ерте заманнан қазақ халқының санасында көркемдік пен сұлулықтың, тазалық пен пәктіктің, бақыт пен құттың нышаны болған. Әсіресе, біріккен тұлғалы есімдер құрамында көп қолданыс тапқан. Ерлер мен әйел есімдеріне қолданылады. Десе де ерлер есімінде сирек кездессе, әйелдер есімдерінде жиі кездеседі: *Айсұлтан (ер), Айжан, Айман, Айгүл, Айнур, Айгерім, Айбала, Айдана, Айжұлдыз, Айсана* және т.б. Әрине бұның астарында қазақ халқының аспан денелерінің ішінде ай мен күнді ерекше қадір тұтатыны, шаманизмнен қалған наным-сенімімен тікелей қатысты деп айта аламыз, сонымен қоса ай мен күнді ерекше сұлулықтың, жер әлемде нұрын шашатын теңдессіз энергия көзі ретінде тануы деп білеміз. Қытай есімдерінде күн мағынасын білдіретін 日 кілтімен жазылатын иероглифтердің ішінде 日 (күн) иероглифі ерлер есімінде кездеседі. Ал 日 мен 月 кілттерінің бірігуімен жасалған 明 (*ашық, анық, жарқын, жарқыраған*) иероглифі әйелдер мен ерлер есімінде қолданыла береді: 志明 zhiming есімі *алға қойған мұраты бар* деген мағынада, ер адамға қолданылады, 光明 guangming есімі *жарқын* деген мағынада, ер адамдарға айтылады, 德明 deming есімі *көркем мінезді* дегенді білдіріп келеді, ер адамдардың есімінде қолданылады. Ал 玉明 yuming (*жарқыраған нефрит*), 晓明 xiaoming (*таң шапағы*) және 明珠 mingzhu (*жарқыраған маржан*) сияқты есімдер әйелдерге қойылады.

### **Қорытынды**

Қытай және қазақ тілдеріндегі адам есімдерінің жасалу жолдарына талдау жасай келе, екі тілде де ерлер мен әйел есімдерін беруде олардың мағынасына үлкен жауапкершілікпен қарайтынын зерделедік. Қытай ат қою дәстүрінде иероглифтердің маңызы зор, иероглифтерді жасайтын кілттердің мән-мағынасы гендерлік ерекшелікті айқындайды.

Қазақ антропонимдерінің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, мәдениетінен ақпарат береді. Қазақ антропонимінің гендерлік сипаты, ұлттық лингвомәдени ерекшелігі мен дүниетанымы есімдерді құрайтын сөздер мен морфемалардың лексикалық мән-мағынасына байланысты айқындалады. Қазақтарда ұрпақтарына есім беруде өзінің ұлттық құндылықтарын жоғалтпауға тырысады.

Адам қызметінің кез-келген түрі, сондай-ақ адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, өмірдің рухани және материалдық жақтары, әр дәуірдегі



адамдар арасындағы қарым-қатынасы бәрі әр халықтың антропонимдерінен көрініс табады.

Қазақ ұлты басқа халықтар сияқты өмір сүрген ортасына қарай балларына ат қойған: *Шынар, Қамажай, Бәтима*. Қазақта діни-наным сенімге байланысты *Ахмет, Ислам, Сүндет*, т.б. есімдер кездеседі. Қытай есімдерінде 龙 long иероглифінің қолданылуы қытай халқының наным-сенімінде айдаһар ерекше орын алатынымен байланысты. Өздерін *айдаһардың* ұрпағымыз деп есептейтін қытай халқы айдаһарды биліктің, күштің нышаны ретінде ер адамдарға есім беруде көп қолданады, ал қыз баланың нәзіктігіне қарап, *жаңбыр, су, бұлт* мағыналарын беретін иероглифтерді қолданып ат қойған. Қазақ және қытай тілдерінде гүл атаулары қолданылатын қыз бала есімдері де көптеп кездеседі. Дегенмен қытай ұлтында 菊花juhua (хризантема), 兰花lanhua (орхидея), 雪莲xuelian (лотос) сияқты есімдер жиі кездеседі, қазақ әйелдері есімдерінде мұндай есімдер кездеспейді. Бұдан кісі есімдерінің әр халықтың жасаған ортасы мен дүниетанымына тікелей байланысты екендігін көруге болады.

Қазақ антропонимінің гендерлік сипаты, ұлттық лингвомәдени ерекшелігі мен дүниетанымы есімдерді құрайтын сөздер мен морфемалардың лексикалық мән-мағынасына байланысты айқындалады.

Бұл тақырыптың жалғасуына қазіргі қоғамдағы үнемі өзгертістердің болуы, өзге ұлт өкілдерімен қоян-қолтық араласуы, кісі есімдеріне жаңадан кірген кірме есімдердің пайда болуы арқау болады.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Мадиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2004. – 240 б.

[2] Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 215 б.

[3] Қалибекұлы Т. Қытайша-қазақша ономастикалық атаулар сөздігі. – Алматы: Полилингва, 2021. – 416 б.

[4] Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 176 с.

[5] Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.

[6] Супрун В.И. Антропонимы в вокативном употреблении//Известия Уральского государственного университета. – 2001. – № 20. – С. 92-96.

[7] Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы, Экономика баспасы, 2013. – 189 б.

[8] 汪泽树. 《姓氏.名号. 别称: 中国人物命名习俗》. 四川人民出版社, 2003年. (Уан Зешу. Фамилия. Имя. Псевдоним: обычаи именованія китайских иероглифов. – Чэнду: Сычуаньское народное издательство, 2003).

[9] 王军云. 《中国起名学》. 北京: 中国华侨出版社, 2004 (Уан Жүнюн. Қытайдың ат қою ғылымы. – Бейжің; Хучяу баспасы, 2004. – 156 б.)

[10] 完颜绍元. 《中国姓名文化》. 上海: 上海古籍出版社, 2001 (Уанян Шаюан. Қытай есім мәдениеті. – Шаңхай: Қытай ескі жазбалар баспасы, 2001. – 123 б.).

[11] Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 552 б.

[12] 赵瑞民《姓名与中国文化》. 北京: 中国人民大学出版社, 2008 (Жау Руймин. Антропонимдер және қытай мәдениеті. – Бейжің: Қытай халық университеті баспасы, 2008. – 215 б.)

#### REFERENCES

- [1] Madiyeva G.B., İmanberdieva S.Q. Onomastika: zertteu мәseleleri (Onomastics: research issues). Almaty, 2004. 240 b. [In Kaz.]
- [2] Zhanuzakov T. Qazaq esimderiniñ tarixı (History of Kazakh names). Almaty: Ǵılım, 1971. 215 b. [In Kaz.]
- [3] Kalibekuly T. Slovar' kitaysko-kazakhskikh onomasticheskikh imen (Chinese-Kazakh dictionary of onomastic names). Almaty: Polilingva, 2021. 416 b. [In Rus.]
- [4] Zhanuzakov T. Oчерk kazakhskoy onomastiki (Essay on Kazakh onomastics). Alma-Ata: Nauka, 1982. 176 s. [In Rus.]
- [5] Madiyeva G.B. Imya sobstvennoye v kontekste obrazovaniya (Proper name in the context of knowledge). Almaty: Kazakhskiy universitet, 2004. 190 s. [In Rus.]
- [6] Suprun V.I. Antroponimiya v zvatel'nom upotreblenii (Anthroponymy in vocative usage) // Zhurnal Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. 2001. № 20. S. 92-96. [In Rus.]
- [7] Şoqım Ǵ. Genderlik linguitika negizderi (Basics of gender linguistics). Almaty: Ékonomika baspasy, 2013. 189 b. [In Kaz.]
- [8] Wan Zeshu. Xingshi. Mingcheng. Biehao: Zhongguo Renwuming Xisu (Surname. Name. Alias: Chinese character naming conventions.). Chengdu: Siqian Renmin Chubanshe, 2003. [In Chinese]
- [9] Zhanuzakov T. Qazaq esimderiniñ anyktamaci (Directory of Kazakh names). Almaty: Arıs baspası, 2009, 552 b. [In Kaz.]
- [10] Wan Junyun. Zhongguo Qimingxue (Chinese naming science). Beijing: Zhongguo Huaqiao chubanshe, 2004. [In Chinese]
- [11] Wanyan Shaoyuan. Zhongguo Xingming Wenhua (Chinese name culture). Shanghai: Shanghai Guji Chubanshe, 2001. [In Chinese]
- [12] Zhao Ruimin. Xingming yu Zhongguo Wenhua (Anthroponym and Chinese culture). Beijing: Zhongguo Renmin Chubanshe, 2001. [In Chinese]

#### ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ И ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КИТАЙСКО -КАЗАХСКИХ АНТРОПОНИМОВ

\*Джелдыбаева Р.Б.<sup>1</sup>, Турсынали Ж.<sup>2</sup>, Досымбекова Р.О.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.ф. н., доцент, КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан,  
e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru),

<sup>2</sup>к.ф.н., доцент, КазУМО и МЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан,  
e-mail: [jazen\\_25@hotmail.com](mailto:jazen_25@hotmail.com),

<sup>3</sup>PhD, доцент КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан,  
e-mail: [rauan-d@mail.ru](mailto:rauan-d@mail.ru)

**Аннотация.** Одна из самых крупных отраслей лингвистики – ономастика. Тема, которую мы рассматриваем, – это область антропонимов. Антропонимы – отражение национальной этнокультурной специфики, сформированной культурой, мировоззрением, окружающей средой, убеждениями каждого народа. Рассмотрение антропонимов в связи с историей и культурой, мировоззрением каждой нации позволяет раскрыть природу их создания.

Целью исследования является проведение лингвокультурного и лингвокогнитивного анализа имен людей в китайском и казахском языках на основе этнокультурных данных, выявление традиций именованья китайских и казахских народов,

их связи с мировоззрением, культурой, историей. Кроме того, исследуются сходства и различия в структуре национального сознания двух народов путем раскрытия гендерного характера человеческих имен.

Имена собственные – языковые единицы, имеющие свое место в лексике любого языка, без которых коммуникация не может осуществляться. В связи с этим был проведен обзор данных, касающихся имен собственных в китайском и казахском языках, проведен сравнительный анализ материалов исследования.

Структура и состав антропонимов, значение, их различия и формирование, несомненно, проложат путь к признанию общественных, познавательных особенностей народа. В статье предпринята попытка раскрыть национально-культурные особенности антропонимов в китайском и казахском языках методом сопоставительного исследования.

Исследование также показало, что структура и состав иероглифов, используемых при написании китайских имен, их значение являются одним из способов отражения мировоззрения, обычаев и культуры китайского народа, а гендерный характер китайских антропонимов передается иероглифами, называющими имена. В работе раскрыто значение некоторых иероглифов, используемых при написании китайских имен, и проведен их лингвокультурный анализ. Проведен лексический, этнолингвистический анализ казахских имен с учетом гендерного характера, национально-лингвокультурной специфики и мировоззрения казахских антропонимов в зависимости от лексического значения слов и морфем, составляющих имена. В этом заключается научная значимость работы.

По итогам исследования установлено, что значение и гендерные особенности мужских и женских имен в китайском языке связаны с иероглифами, используемыми при их написании, и их составом (составными частями иероглифов), а гендерный характер лексических значений казахских имен – от слов и морфем, их составляющих.

Результаты исследования дают направление докторантам и магистрантам, изучающим китайский и казахский языки в ономастическом направлении.

**Ключевые слова:** китайский язык, казахский язык, антропоним, гендер, иероглиф, морфограмма, культура, лексика, лингвокультура

## ETHNOCULTURAL FOUNDATIONS AND GENDER CHARACTER OF CHINESE - KAZAKH ANTHROPONYMS

\*Dzheldybayeva R.B.<sup>1</sup>, Tursynali J.<sup>2</sup>, Dosymbekova R.O.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>c.ph.sc. Associate Professor, KazUIRand WL named after Ablay Khan, Almaty city, Kazakhstan, e-mail: nawrao@mail.ru,

<sup>2</sup>c.ph.sc. Associate Professor, KazUIRand WL named after Ablay Khan, Almaty city, Kazakhstan, e-mail: jazen\_25@hotmail.com,

<sup>3</sup> PhD, Associate Professor Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, Almaty city, Kazakhstan, e-mail: rauan-d@mail.ru

**Abstract.** One of the largest branches of linguistics is onomastics, the topic we are considering is the field of anthroponyms. Anthroponyms are a reflection of the national ethnocultural specifics formed by the culture, worldview, environment, beliefs of each people. Consideration of anthroponyms in connection with the history and culture, the worldview of each nation allows us to reveal the nature of their creation.

The purpose of the study is to conduct a linguocultural and linguocognitive analysis of the names of people in Chinese and Kazakh languages based on ethnocultural data, to identify the naming traditions of Chinese and Kazakh peoples, their connection with the worldview, culture, history. In addition, the study of similarities and differences in the structure of the national consciousness of the two peoples by revealing the gender nature of human names.

Proper names are linguistic units that have their place in the vocabulary of any language without which communication cannot be carried out, and in this connection, a review of data

concerning proper names in Chinese and Kazakh languages was conducted, a comparative analysis of research materials was carried out.

The structure and composition of anthroponyms, their meaning, differences and formation will undoubtedly pave the way for the recognition of the social, cognitive characteristics of this people. The article attempts to reveal the national and cultural features of anthroponyms in the Chinese and Kazakh languages by the method of comparative research.

The study also showed that the structure and composition of hieroglyphs used in writing Chinese names, meaning and significance are one of the reflections of the worldview, customs and culture of the Chinese people, and the gender character of Chinese anthroponyms is transmitted by hieroglyphs writing names. The paper reveals the meaning of some hieroglyphs used in writing Chinese names, and a linguistic and cultural analysis of them is carried out. The lexical, ethnolinguistic analysis of Kazakh names is carried out taking into account the gender character, national-linguistic-cultural specifics and worldview of Kazakh anthroponyms depending on the lexical meaning of the words and morphemes that make up the names.

According to the results of the study, it was found that the meaning and gender characteristics of male and female names in the Chinese language are related to the hieroglyphs used in their writing and their composition (components of hieroglyphs), and the gender character of the lexical meanings of words and morphemes that make up Kazakh names.

The results of the study give direction to doctoral students and undergraduates studying Chinese and Kazakh languages in the onomastic direction.

**Keywords:** Chinese language, Kazakh language, anthroponym, gender, hieroglyph, morphogram, culture, vocabulary, linguoculture

*Статья поступила 09.01.2023*